

## Наркологиялық ұйымдар (ауруханалар, диспансерлер, орталықтар, бөлімшелер, кабинеттер) туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 18 тамыздағы N 637 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3047. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.**

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы N 1465 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасында халыққа наркологиялық көмек көрсетудің сапасын арттыру және одан әрі дамыту мақсатында **бұйырамын** :

1. Қоса беріліп отырған Наркологиялық ұйымдар (ауруханалар, диспансерлер, орталықтар, бөлімшелер, кабинеттер) туралы ереже бекітілсін.
2. Емдеу-алдын алу ісі, аккредиттеу және ақпаратты талдау департаменті (Нерсесов А.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.
3. Әкімшілік департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министрі С.Ә.Диқанбаевға жүктелсін.
5. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

### *Министрдің міндетін атқарушы*

"Наркологиялық ұйымдар (ауруханалар, диспансерлер, орталықтар, бөлімшелер, кабинеттер) туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін

атқарушының 2004 жылғы  
18 тамыздағы N 637  
бұйрығымен бекітілген

## **Наркологиялық ұйымдар (ауруханалар, диспансерлер, орталықтар, бөлімшелер, кабинеттер) туралы ереже 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Наркологиялық ұйымдар (ауруханалар, диспансерлер, орталықтар, бөлімшелер, кабинеттер) (бұдан әрі - наркологиялық ұйымдар) профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыратын және мамандандырылған медициналық көмек, сондай-ақ психикаға белсенді әсер ететін заттарға (алкоголь, есірткі, психотроптық заттар, психостимуляторлар, галлюциногендер, ұшпа ерітінділер, табак) (бұдан әрі - ПБЗ) тәуелді адамдарға қайта қалпына келтіретін емдеу мен медициналық оңалту көмегін көрсететін өзіндік ұйымдар болып табылады.

2. Наркологиялық ұйымдар заңды тұлға болып табылады, оның дөңгелек мөрі мен өзінің толық атауы жазылған мөртаңбасы бар.

3. Наркологиялық ұйымдардың штаттары қолданыстағы штаттық нормативтер бойынша белгіленеді.

4. Наркологиялық ұйымдар өз қызметінде осы Ережені, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бұйрықтарын және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

5. Іргелес аудандар тұрғындарына қызмет көрсету үшін ауданаралық наркологиялық ұйымдарды ұйымдастыруға болады.

## **2-тарау. Наркологиялық ұйымдардың негізгі міндеттері мен функциялары**

6. Наркологиялық ұйымдардың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) ПБЗ-ға тәуелді науқастарды диспансерлік қадағалау, оларды емдеудің сабақтастығын ұйымдастыру;

2) ПБЗ-ға тәуелділікпен түсіндірілетін тұрғындар арасындағы ауруды зерделеу;

3) алкоголь мен есірткіні асыра пайдалануға шек қою және ПБЗ-ға тәуелділіктің алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыс жүргізу.

7. Алдарына қойылған міндеттерге сәйкес наркологиялық ұйымдар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ПБЗ-ға тәуелді науқастарды ертерек анықтау және есепке алу;

2) ПБЗ-ға тәуелді науқастарға консультация беру, уақтылы диагностикалау,

емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізу, науқастарға мамандандырылған стационарлық әрі амбулаториялық, пациенттердің қалауы бойынша жасырын көмек көрсету;

3) есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізу;

4) көрсетілетін профилактикалық, диагностикалық, емдік әрі оңалту көмектерінің тиімділігін талдау;

5) ПБЗ-ны пайдаланудың салдарынан психикалық әрі мінез-құлықтық бұзылыстары болған, мамандандырылған мекемелерге мәжбүрлеп емдеуге жіберілген адамдарды медициналық куәландыруды жүргізу, сондай-ақ мас болу фактісі мен басқа да сараптамалар түрлерін анықтау мақсатында уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын, куәландыруды жүргізу;

6) ПБЗ-ны пайдаланудың салдарынан психикалық әрі мінез-құлықтық бұзылыстары бар науқастарды ауруханаға жатқызу және шығару мәселелері бойынша психоневрологиялық стационарлармен (бөлімшелермен) тұрақты байланысты қолдау, бұдан әрі қадағалау мен емдеудегі сабақтастықты жалғастыру үшін ауруханадан шығарылатын науқастар туралы мәліметтер алу;

7) ресми бекітілген есептік құжаттарды статистикалық өңдеудің негізінде наркологиялық ұйымдар қызмет көрсететін аумақта жыл сайын ПБЗ-ға тәуелді науқастарға емдік-оңалту әрі профилактикалық көмек көрсетудің жай-күйін талдауды жүргізу;

8) наркологиялық кабинеттерге консультативтік және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету, сондай-ақ әділет және ішкі істер органдарында, көлік ұйымдарында медициналық жұмысты ұйымдастыру бойынша консультативтік көмек көрсету.

### **3-тарау. Наркологиялық ұйымдардың құрылымы**

8. Наркологиялық ұйымдардың құрылымында оған жүктелген функцияларға байланысты мыналар ұйымдастырылуы мүмкін:

1) наркологиялық кабинеттер;

2) наркологиялық балалар-жасөспірімдер бөлімшесі;

3) наркологиялық жасырын емдеу бөлімшелері (кабинеттері, бөлімшелері);

4) стационарлық бөлімшелер, соның ішінде ПБЗ-ға тәуелді науқастарды мәжбүрлеп тексеруге арналған бөлімшелер;

5) нашақорлықпен ауыратын науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесі;

6) күндізгі наркологиялық стационар;

- 7) ұйымдастыру-әдістемелік бөлім;
- 8) өндірістегі наркологиялық пункт;
- 9) сараптау бөлімі.

9. Наркологиялық ұйымдардың әкімшілік-шаруашылық бөлімі, қабылдау бөлімі, шұғыл емдеу және реанимация бөлімшелері (палаталары), амбулаториялық-емханалық бөлімшесі, зертханалары, физиотерапия кабинеттері, функционалдық диагностика кабинеттері болуға тиіс.

## **&1. Наркологиялық кабинет**

10. Наркологиялық кабинет ПБЗ-ға тәуелді науқастарға, сондай-ақ алкогольді, есірткіні және басқа да ПБЗ-ны асыра пайдаланатын адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

11. Наркологиялық кабинеттің медициналық персоналы:

- 1) ПБЗ-ға тәуелді науқастарды анықтау мен диспансерлік қадағалауды;
- 2) ПБЗ-ға тәуелді анықталған контингентті есепке алуды (айғақтар бойынша);
- 3) ПБЗ-ға тәуелді науқастарға, ПБЗ-ны асыра пайдаланатын адамдарға профилактикалық, консультативтік, диагностикалық, емдік амбулаториялық көмек көрсетуді;
- 4) наркологиялық посттарға консультативтік-әдістемелік, психогигиеналық көмек көрсетуді;
- 5) ПБЗ-ға тәуелді науқастарды емдеуде сабақтастықты қамтамасыз етуді;
- 6) наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтуды;
- 7) қамқорлыққа алу туралы мәселелерді шешу үшін қорытынды жасауды;
- 8) наркологиялық кабинеттің қызметі туралы талдауды, есеп беруді жүзеге асырады.

12. Емдік іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ету үшін наркологиялық кабинетте:

- 1) үдемелі диспансерлік қадағалау картотекасы бар науқастарды қабылдауға арналған дәрігердің кабинеті;
- 2) топтық психотерапияға арналған кабинет;
- 3) дәрі-дәрмектік емдеуге, соның ішінде қан тамырына жасалатын инъекцияға және шағын хирургиялық араласуға (депонирлеу препараттарын енгізу) арналған емшара кабинеті болуға тиіс.

13. Наркологиялық кабинеттің медицина қызметкерінің жұмысы учаскелік принципі бойынша жүргізіледі.

## **&2. Наркологиялық балалар-жасөспірімдер бөлімшесі**

14. Наркологиялық балалар-жасөспірімдер бөлімшесі балалар мен жасөспірімдердің арасында нашақорлық ауруларының алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмыс жүргізуді жүзеге асыратын, алкогольді ішімдіктерді асыра пайдаланатын және ауру бұзылыстарын туындататын есірткі мен басқа да психикаға белсенді әсер ететін құралдарды кей кезде пайдаланатын балалар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ ПБЗ-ға тәуелділікке шалдыққан жасөспірімдерге мамандандырылған медициналық көмек көрсететін наркологиялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

15. Наркологиялық балалар-жасөспірімдер бөлімшесінің медициналық персоналы :

1) ПБЗ-ға тәуелді балаларды, сондай-ақ жасөспірімдерді анықтауды, диспансерлік қадағалауды ;

2) алкогольді асыра пайдалануға бейімді, бірақ әлі де болса алкогольге тәуелді емес балалар мен жасөспірімдерді анықтауды және профилактикалық есепке алуды ;

3) ПБЗ-ға тәуелді балалар мен жасөспірімдерді емдеуде сабақтастықты қамтамасыз етуді ;

4) ПБЗ-ға тәуелді балалар мен жасөспірімдерге және амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жасөспірімдер бөлімшелеріне диагностикалық, консультативтік және профилактикалық көмек көрсетуді ;

5) барлық наркологиялық есепке алу кезеңінде науқастарға амбулаториялық және стационарлық, соның ішінде қолдаушы, қайталануға қарсы ем жүргізуді ;

6) алкогольді асыра пайдаланатын, бірақ алкогольге тәуелді емес балалар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ оларға қатысты есірткіні немесе ауру әуестікті туындататын өзге де құралдарды кей кезде пайдалануы іс жүзінде айқындалған балалар мен жасөспірімдерге профилактикалық, медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

16. Наркологиялық балалар-жасөспірімдер бөлімшесі ересек нашақорлықпен ауыратын науқастарды емдеуге арналған наркологиялық бөлімшелерден оқшаулануға тиіс, осы мақсатта оның жекелеген кіреберісі мен күтуге арналған бөлмесі болуға тиіс.

## **&3. Наркологиялық жасырын емдеу бөлімшелері (кабинеттері, бөлімшелері)**

17. Наркологиялық жасырын емдеу бөлімшелері (кабинеттері, бөлімшелері) ПБЗ-ға тәуелділіктен және наркологиялық аурулардың нозологияға дейінгі

нысандарынан зардап шегуші адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсететін наркологиялық ұйымның құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

18. Наркологиялық жасырын емдеу бөлімшелерінің медициналық персоналы:

1) алкогольді ішімдіктерді асыра пайдаланатын, сондай-ақ ПБЗ-ға тәуелді, өз еркімен емдеуге жүгінген адамдарға диагностикалық, консультативтік және психопрофилактикалық көмек көрсетуді;

2) тұрмыстық маскүнемдіктің алкогольге тәуелділікке айналуының алдын алу мақсатында алкогольді пайдаланатын адамдарға профилактикалық медициналық көмек көрсетуді;

3) ПБЗ-ға тәуелділіктің қалыптасуының алдын алу мақсатында кей кезде есірткі құралдарын пайдаланатын адамдарға профилактикалық медициналық көмек көрсетуді;

4) наркологиялық жасырын емдеу бөлімшелерінде емделген адамдарды қадағалауды және қолдап емдеуді;

5) наркологиялық жасырын емдеу бөлімшелерінде көрсетілетін емдік және профилактикалық көмекті талдауды жүзеге асырады.

19. Емдік іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ету үшін наркологиялық жасырын емдеу бөлімшелерінде мыналар болуға тиіс:

1) ПБЗ-ға тәуелді науқастарды жасырын қабылдауға арналған нарколог дәрігер мен медициналық психологтың кабинеттері;

2) психотерапиялық емдеу кабинеті;

3) дәрі-дәрмектік емдеуге, соның ішінде қан тамырына жасалатын инъекцияға және шағын хирургиялық араласуға (депонирлеу препараттарын енгізу) арналған емшара кабинеттері;

4) медициналық ұйымның басқа үй-жайларынан оқшауланған күтуге арналған бөлме;

5) ПБЗ-ға тәуелді науқастарды стационарлық жасырын емдеуге арналған бөлімше.

#### **&4. Стационарлық бөлімше, соның ішінде ПБЗ-ға тәуелді науқастарды мәжбүрлеп тексеруге арналған бөлімше**

20. Наркологиялық ұйымның стационарлық бөлімшелерінің құрамына мыналар кіреді:

1) алкоголь мен ПБЗ-ға тәуелді науқастарды емдеуге арналған наркологиялық бөлімшелер (палаталар);

2) ПБЗ-ға тәуелді науқастарды емдеуге арналған бөлімшелер мен палаталар.

21. Алкогольді пайдаланудың нәтижесінде психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстары болған науқастарды емдеуге арналған наркологиялық бөлімшелер (палаталар) наркологиялық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

22. Наркологиялық бөлімшелердің медициналық персоналы мынадай функцияларды орындайды:

1) алкогольді пайдаланудың нәтижесінде болған психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстарды диагностикалау мен емдеуді жүзеге асырады;

2) наркологиялық қызметтің амбулаториялық және стационарлық буындарының, сондай-ақ әр түрлі наркологиялық бөлімшелердің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді;

3) денсаулық сақтау ұйымдарына наркологиялық бұзылыстардың профилактикасы, диагностикасы және емдеу мәселелері бойынша консультативтік көмек көрсетеді;

4) ауыратындардың уақытша еңбекке жарамсыздығын сараптауды жүргізеді.

23. Наркологиялық бөлімшелерде мынадай үй-жайлар бар:

1) науқастарды қабылдауға арналған бөлме;

2) науқастарға арналған палаталар;

3) емшара кабинеттері;

4) психотерапияға арналған кабинеттер;

5) бөлімше меңгерушісі мен аға медбике кабинеттері;

6) дәрігердің кабинеті;

7) кезекші медициналық қызметкер бөлмесі;

8) шаруашылық жүргізуші бике кабинеті;

9) ванна бөлмесі, дәретханалар және басқалар.

24. ПБЗ-ға (алкогольден басқа) тәуелді науқастарды емдеуге арналған бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру кезінде алғашқы рет келіп түскен науқастар мен мәжбүрлеп емдеуге және диагнозын анықтауға жіберілген адамдарды, сондай-ақ емдеуге қайта келіп түскен науқастарды бөлек палаталарға орналастыру мүмкіндігі көзделген жөн.

Осы контингент пен алкогольге тәуелді науқастарды бірге ұстауға болмайды.

25. ПБЗ-ға (алкогольден басқа) тәуелді науқастарды емдеуге арналған бөлімшелер мен палаталардың жұмысын ұйымдастыру мен режимі есірткі және асыра пайдалану заты болып табылатын өзге де құралдардың осы бөлімшелерге әкелінуін толық болдырмауға тиіс.

26. Алкогольге тәуелді науқастарды емдеуге арналған наркологиялық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру кезінде алғашқы және қайта келіп түскен

науқастардың, сондай-ақ бөлімшеге диагнозын анықтау мақсатында мәжбүрлеп тексеруге жіберілген адамдардың әр түрлі палаталарда болу мүмкіндігі көзделуге тиіс.

27. Алкогольге тәуелді науқастар мен ПБЗ-ға тәуелді науқастардың бірге болуына тек наркологиялық ұйымның бірінші басшысының шешімі бойынша, бөлімшеде жекелеген палаталар бөлінген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

28. Алкогольге тәуелді науқастарды емдеуге арналған бөлімшелердің (палаталардың) жұмысын ұйымдастыру мен режимі психикалық жай-күйді өзгертетін заттардың бөлімшеге (палатаға) әкелінуін толық болдырмауға тиіс.

29. ПБЗ-ға (алкогольден басқа) тәуелді науқастарды емдеуге арналған наркологиялық бөлімшелер мен палаталар наркологиялық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

30. ПБЗ-ға (алкогольден басқа) тәуелді науқастарды емдеуге арналған бөлімшелерге белсенді қадағалау мен шұғыл емдеу палатасы бөлінеді.

31. ПБЗ-ға (алкогольден басқа) тәуелді науқастарды емдеуге арналған арнайы оқшауланған палаталарды құру кезінде наркологиялық ұйымдардың құрамындағы бұл палаталар тәуелділік арнайы қадағалау посттарымен қамтамасыз етіледі.

## **&5. Нашакорлықпен ауыратын науқастарды медициналық-санитарлық оңалту бөлімшесі**

32. Наркологиялық науқастарды медициналық-санитарлық оңалту бөлімшесі (бұдан әрі - оңалту бөлімшесі) наркологиялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және аурудан айыққандарды медициналық-санитарлық оңалту мен негізгі нашакорлық ауруының психикалық, соматикалық және неврологиялық асқынуларын емдеу жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

33. Оңалту бөлімшесі медициналық персоналының негізгі міндеттері:

1) ПБЗ-ға тәуелділікті дәрі-дәрмекпен түзету кезеңін табысты өткерген пациенттерде есірткіге өзіндік, тұрақты қарсылықты қалыптастыру;

2) белгілі бір өмірлік көзқарасты қалыптастыру және даулы-күйзеліс ахуалды жеңу әдісіне үйрету жолымен пациенттерді медициналық-психологиялық қолдау;

3) тәуелділіктен айығу және ПБЗ-ны пайдаланудан бас тарту белгілерімен салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру және іс жүзінде өзін-өзі ұстау, сөйлесу, адамдармен қарым-қатынас жасасу, еңбек ету және демалу жағдайларында осы дағдыларға жаттығу;

4) оңалту бөлімшесінде болған уақытта және одан шыққан кезде көрсетілген көмектің тиімділігін талдау;



5) қайталануды және уақтылы араласуды болдырмау, сондай-ақ оларды орталықтағы оңалту бағдарламаларының жұмысына тарту мақсатында оңалтудан өткен пациенттермен бұдан әрі профилактикалық іс-шаралар жүргізу;

б) пациенттерді, мамандарды, қоғамдық ұйымдар мен тұрғындарды оңалту бағдарламаларына қатысуға тарту, сондай-ақ халықты ауруға тәуелділікке қатысты ағарту мақсатында қоғамды оңалту бөлімшесінің жұмысы туралы хабардар ету болып табылады.

34. Оңалту бөлімшесінің пациенттері қайта қалпына келтіру терапиясына мұқтаж нашақорлыққа бейімді науқастар болып табылады.

35. Нашақорлықпен ауыратын науқасқа оңалту медициналық-әлеуметтік көмегін көрсетуге қажетті шарт оның ерікті жазбаша келісімі (өтініші) болып табылады. Науқастарды орталыққа қабылдау наркологиялық ұйымдардың (кабинеттердің) жолдамасы немесе ПБЗ-ға тәуелді адамдардың тікелей өтініші бойынша жүзеге асырылады.

36. Оңалту бөлімшесіне жолдауға қарсы айғақтар мыналар болып табылады:

1) орталықта дәрі-дәрмекпен түзету палатасы болмаған жағдайда интоксикация (мас болу) құбылыстарының, абстинентті белгілерінің болуы;

2) аффектті көңіл-күйінің бұзылыстарымен білінетін психоз алды және сандырақтау, елестету психикалық жай-күйлерінің болуы;

3) фобиялы, үрейлі бұзылыстары бар психопатия мен астенияның қалпына келмейтін нысандары;

4) айқын білінетін суицидальды үрейдің (суицидальды сөйлеу, суицидальды ойларды жүзеге асыру үрдісі) болуы.

37. Оңалту бөлімшесінің құрамында сондай-ақ емдік еңбек ету шеберханалары, оқу сыныптары, студиялар, спорт секциялары, оңалту стационарлық жатақханалар, қосалқы шаруашылықтар құрылуы мүмкін.

38. Оңалту бөлімшесінің құрамында жасөспірімдерге арналған бөлімше құрылуы мүмкін, оларды басқа оңалту бөлімшелерінен аумақтық бөлген дұрыс.

39. Медициналық-санитарлық оңалту бөлімшелері оңалту бөлімшесінің негізгі буыны болып табылады және ПБЗ-ға тәуелді науқастарға арналған оңалту және психологиялық түзету бағдарламалары жүзеге асырылатын наркологиялық стационар тәуелділік режимде жұмыс істейді.

#### 40. Бөлімшеде:

1) оңалту бағдарламалары мен психодиагностика жөнінде арнайы жеке және топтық психотерапиялық жұмыс жүргізуге арналған психолог пен психотерапевтің кабинеті;

2) науқастармен және олардың отбасы мүшелерімен, сондай-ақ ұйымның жұмыскерлерімен жеке әңгімелесуге арналған медициналық-әлеуметтік қызметкердің кабинеті;

- 3) дәрігер консультанттың кабинеті;
- 4) кітапхана, тиісті аппаратурасы, материалдары бар аудио- және видеотека;
- 5) спорт зал қарастырылады.

41. Оңалту стационарлық жатақханаға оңалту бөлімшесі орналасқан жерден тыс тұратын ПБЗ-ға тәуелді науқас; тұрақты тұрғылықты мекені жоқ, сондай-ақ тұрғын үйге және жұмысқа орналастыруды қажет ететін, стационарда медициналық-психологиялық оңалту емдік курсынан өткен және тұрғылықты жері бойынша емделуге мүмкіндігі жоқ адамдар жіберіледі.

## **&6. Күндізгі наркологиялық стационар**

42. Күндізгі наркологиялық стационар ПБЗ-ға тәуелді науқастарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін наркологиялық ұйымның құрамында ұйымдастырылады. Жекелеген жағдайларда наркологиялық ұйымдар болмағанда, мұндай күндізгі наркологиялық стационарлар психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдардың құрамында ұйымдастырылуы мүмкін.

43. Күндізгі наркологиялық стационарлар сондай-ақ шартты негізде өнеркәсіптік, ауылшаруашылық және басқа да ұйымдардың жанында ұйымдастырылуы мүмкін.

44. Күндізгі наркологиялық стационар медициналық персоналының м і н д е т е р і :

1) медициналық айғақтар бойынша науқастарды отбасынан, үйреншікті шағын әлеуметтік ортасынан айыру орынсыз болған және, сонымен қатар, неғұрлым белсенді терапиялық араласу қажеттігі туындаған кезде емдеу, ұжымға тарту және еңбек ету жағдайын тұрақтандыру;

2) емдеуді жүргізу кезеңінде науқастарды еңбекке баулу және оларды еңбек ету жағдайына қайта бейімдеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу уақытында емдеу және әдеттегі өмір сүру жағдайына біртіндеп бейімдеу болып табылады.

45. Күндізгі наркологиялық стационарда науқастарды емдеуді, олардың тамақтануы мен демалуын қамтамасыз ету үшін мыналар болуға тиіс:

- 1) дәрігердің қарауын жүзеге асыруға арналған кабинет;
- 2) медбикелер мен дәрі-дәрмекті бөлу бөлмесі;
- 3) е м ш а р а к а б и н е т і ;
- 4) психотерапия әдістерімен емдеуді жүргізуге арналған үй-жай;
- 5) шығармашылық қызметпен (сурет салу, көркем бұйымдар жасау және тағы басқалар) айналысуға арналған бөлме. Егер еңбекпен емдеу стационардың өзінде шартты негізде ұйымдастырылса, онда жекелеген үй-жай бөлінуге тиіс;
- 6) киімлігіш, дәретхана, себізгі.

46. ПБЗ-ға тәуелді науқастар және алкогольді, есірткіні асыра пайдаланатын, наркологиялық кабинеттер жағдайында емес, неғұрлым белсенді алкогольге қарсы емдеуді қажет ететін, мынадай белгілері болған адамдар күндізгі наркологиялық стационарда емделуге жатады:

1) қайта ауруханаға жатқызуды көздейтін емес, курстық емдеуге неғұрлым қосымша белсенді араласуды талап ететін дәрежеде білінетін жай-күйі нашарлауының жекелеген субъективті белгілері;

2) науқастар бұрынғы жұмыс орнында жұмыс істей бергенімен, жай-күйі нашарлауының объективті белгілерінің (алкогольді ішімдіктерді немесе басқа да ПБЗ-ны пайдаланудың бірлі-екілі жағдайлары) пайда болуы.

47. ПБЗ-ға тәуелді науқастар мен алкогольді ішімдіктерді асыра пайдаланатын адамдарға кешенді қайта қалпына келтіру емін ала отырып, наркологиялық ұйымдардың емдік еңбек ету шеберханаларының базасында немесе өнеркәсіптік және басқа да кәсіпорындармен өндірістік процесте шартты негізде жұмыс істеуіне болады.

48. Психоз алды және психоздық жай-күйде болған науқастарды күндізгі наркологиялық стационарға жіберуге болмайды.

## **&7. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлім**

49. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлім наркологиялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

50. Бөлімнің қызметкерлері мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) салауатты өмір салтын қалыптастыру және салауатты жастарды тәрбиелеуді ұйымдастыру мен жүргізуде наркологиялық ұйымдар мен бөлімшелерге ұйымдастыру-әдістемелік және консультативтік, сондай-ақ мектептерге, кәсіптік-техникалық, орта арнаулы және жоғары оқу орындарына әдістемелік консультативтік көмек көрсету;

2) алдыңғы қатарлы жұмыс тәжірибесін, еңбекті және басқаруды ғылыми ұйымдастыру, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін зерделеу, қорытындылау және наркологиялық ұйымдардың практикалық қызметіне енгізу;

3) наркологиялық ұйымдар медициналық персоналдарының біліктілігін арттыру мен жетілдіру жоспарларын әзірлеу;

4) облыстың, қаланың наркологиялық ұйымдарының әдістемелік материалдары мен есебін қарастырады, жиынтық есеп құрастырады, оларды талдайды және белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау органдарына береді;

5) халыққа наркологиялық көмек көрсету жөніндегі негізгі ұйымдастыру іс-шараларының жыл сайынғы және перспективалық кешенді жоспарларын әзірлейді;

6) сот-наркологиялық сараптаманы, алкогольден және есірткіден мас болу сараптамасын ұйымдастырудың дұрыстығын тексеруге қатысады;

7) наркологиялық бейінді аурулардың профилактикасы, диагностикасы, емдеу мәселелері жөніндегі активтерді, кеңестерді, конференцияларды дайындау мен жүргізуге қатысады.

## **&8. Өндірістегі наркологиялық пункт**

51. Өндірістегі наркологиялық пункт (бұдан әрі - наркологиялық пункт) ол ұйымдастырылған кез келген өндірістің және ауыл шаруашылығы саласының өндірістік объектілерінде заңды тұлға қызметкерлерінің арасында профилактикалық жұмысты жүзеге асыру үшін ұйымдастырылады. Пункттің үй-жайы мен жабдығын пункт құрылған заңды тұлғаның әкімшілігі береді. Штаттық бірліктермен пункт жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

52. Наркологиялық пункт қолданыстағы заңнамаға сәйкес алынған медициналық қызметке арналған лицензияның негізінде қызмет етеді.

53. Өндірістегі наркологиялық пункттің медициналық персоналы мыналарды жүзеге асырады :

1) есірткіге тәуелділерді анықтауды және қажетіне қарай есепке алуды;

2) жұмысы көлік жүргізумен немесе жұмыскердің және айналасындағылардың (автомобильдердің, электрмен тиеушілердің, темір жолы машинистерінің, краншылардың және басқалардың) денсаулығы үшін технологиялық қауіпті өндіріс учаскелерімен байланысты ұйымдардың жұмыскерлерін рейске шығар алдында қарауды;

3) өндірістік жарақат алған кезде алкогольден және басқа да ішімдік түрлерінен мас болуға тестілеуді;

4) наркологиялық ұйымның учаскелік наркологына ұйымның ПБЗ-ға тәуелді, соның ішінде диспансерлік немесе профилактикалық есепте тұрған жұмыскерлерін диспансерлік қадағалауды ұйымдастыруда көмектесуді;

5) ПБЗ-ға тәуелділерге учаскелік нарколог дәрігер немесе наркологиялық стационар тағайындаған қолдап емдеуді;

6) наркологиялық ұйым дәрігерлерінің (наркологтардың, психотерапевтердің, медициналық психологтардың) жылжымалы консультативтік қабылдауын ұйымдастыруды ;

7) ұйымның жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелерінің арасында ПБЗ-ға тәуелділіктің алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен жүргізуді.

54. Наркологиялық пунктте:

1) келушілерді қабылдау кабинеті;

- 2) картотекаға арналған үй-жай;
- 3) мас болуды сараптауға арналған жабдық пен приборлар болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК